



# Біліктілік шыңы - библиография

Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы әдістеме-библиография бөлімінің ұйымдастыруымен Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесінде кітапханашыларға арналған «Библиографиялық өнімді құрастыру» атты аймақтықкөшпелі зерделі кеңес өтті.

Аймақтық зерделі кеңесті облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының директоры К. Бөрібаева ашып, «Кітапхана ісінің» ардагері А. Нұрманова құттықтау сөз сөйлеп, кеңеске қатысушыларға сәттілік тіледі. Аймақтық зерделі кеңеске Жангелдин, Аманжолді аудандық және Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің кітапханашылары мен кітапхана басшылары қатысты. Кеңесте әдістеме-библиография бөлімінің меңгерушісі Ә. Ахметжанованың «Библиограф мамандығы: мәні, маңызы және кәсіби этикасы», №2 ОӘГК директоры К. Бөрібаеваның

құрастыру-библиографияның маңызды бөлігі», №2 ОӘГК библиографы Г. Сейтқожанының «Библиографиялық өнімнің құрастырылу ережесі мен рәсімделуі» атты баяндамалары тыңдалды. Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі кітапханашылары ұйымдастырған «Өй-өрісімізді сергітейік» библио-шоуы өтті. Библио-шоу еңбек ардагері, қаламгер Қонысбай Агуановтың «Адамгершілік молекуласы» атты кітабының түсуімен басталды. Автор бұл туындысында өзінің өмір жолында көрген, естіген және жан-жағында болып жатқан құбылыстарға өз көзқарасын білдіреді. Өмірдегі ұстаымы және алған тәлім-тәрбиесінен туындаған түйіндеулерін оқырман назарына ұсынуды жөн көрген. Автордың 24 дана кітабы кітапханаларға сыйға беріліп, оқырмандарға жол тартты. Библио-шоу бірнеше кезеңдерден тұрды. Кітапханашылардың білімі мен біліктілігін айқындау мақсатында бірнеше кәсіби сұрақтар қойылып,

лықтандырылған кітапхана жүйесінде «Ауылым - алтын бесігім» атты жоба жұмыс жасайды. Орталық кітапханада жоба аясында өлкетану бөлмесі ашылған. Өлкемізден шыққан алғашқы тың игерушілердің төлқұжаттары, фотосуреттері, мақтау қағаздары мен пайдаланылған заттары, ауыл тұрғындарының қолынан шыққан қолөнер, зергерлік бұйымдар сақталған. Осы кітапхананың директоры Дәмет Есенжолқұлы кеңеске қатысушыларды өлкетану бөлмесімен таныстырып, кітапханаға саяхат жасады.

Зерделі кеңестің екінші бөлімінде кітапханашылар библиографиялық өнімдерді құрастыру жөнінде өз ойларын ортаға салып, тәжірибе алмасты.

Алдағы уақытта да осындай айтулы іс-шаралар өз жалғасын табады және бүгінгі күннен әр кітапханашының бойында ұмытылмас әсер қалғаны сөзсіз.

Сәуле ЕРМАҒАНБЕТ,  
Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының директоры